50 000 000 (елу миллион) АҚШ доллар.

3) *облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:*

Осы проспект Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасы шегінде облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісі болып табылады.

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) *облигациялардың түрі:*

Қамтамасыз етілмеген купондық Облигациялар (бұдан әрі - «Облигациялар»). Облигациялар айырбасталатын және инфрақұрылымдық болып табылмайды.

2) *бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):*

100 (жүз) АҚШ доллар.

3) *облигациялардың саны:*

100 000 (жүз мың) дана.

4) *облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:*

10 000 000 (он миллион) АҚШ доллар.

5) *облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:*

Облигациялардың номиналды құны АҚШ доллармен көрсетіледі

Эмитент барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) АҚШ доллармен қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Орналастырылатын Облигациялар қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигацияларға ақы төлеу «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Биржа») ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) *облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы:*

Купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі Биржаның ішкі қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда –



саттықтарды өткізу қорытындылары бойынша (бұдан әрі - «**Алғашқы өткізілген сауда-саттық**») Алғашқы өткізілген сауда-саттық барысында айқындалған кесу мөлшерлемесі ретінде айқындалатын болады.

Купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне белгіленген болып табылады. Облигациялар бойынша қосымша сыйақы көзделмеген.

2) *облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні:*

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде облигациялар айналысының басталған күнінен бастап ай сайын жылына 12 (он екі) рет жүргізіледі.

3) *облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн:*

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялардың айналысы кезеңінің соңғы күні аяқталады.

4) *облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:*

Сыйақы оны алуға құқығы бар және Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркелген күн») төленеді.

Сыйақыны төлеу (соңғы купондық кезең үшін сыйақыны қоспағанда) Эмитент ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына тіркеу күнінің басындағы жағдай бойынша (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) келесі 5 (бес) жұмыс күні ішінде аудару жолымен тіркеу күнінен кейін жүзеге асырылады.

Әрбір Облигация ұстаушыға төленуге жататын купондық сыйақы сомасы төлем күніне тиісті Облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған Облигациялардың номиналды құнының және купондық сыйақының айлық мөлшерлемесінің (Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі он екіге бөлінген) туындысы ретінде есептеледі.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) *облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:*

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасына сүйене отырып жүргізілетін болады.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі:



1) облигацияларды орналастырудың басталған күні:

Облигацияларды орналастыруды бастау күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні:

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.

3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асады.

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні:

Облигациялар айналысының басталу күні Биржа ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша Алғашқы өткізілген сауда-саттығының күн болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-ресурсында жарияланады (www.kase.kz).

2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні:

Облигациялардың айналысы аяқталған күн Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні болып табылады.

3) облигациялардың айналыс мерзімі:

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 2 (екі) жылды құрайды.

4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Облигациялардың айналысы ұйымдастырылған нарықта да, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында да жоспарланады.

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:

1) облигацияларды өтеу күні:

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 8 (сегіз) жұмыс күн ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигациялар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша төлемдер Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны бір мезгілде төлей отырып мынадай түрде жүзеге асырылады:

i) Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитент соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Облигацияларды өтеуге арналған соманы есепке жатқызу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да ашылған шотқа ақпаратты қамтитын Облигацияларды ұстаушылар тізімін қоса бере отырып аударарды әрбір Облигация ұстаушыға төленуге тиісті сома туралы;

ii) Осы проспектіде белгіленген Облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде не егер өзге мерзім уәкілетті органның



тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген болса, өзге мерзімде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ Эмитенттен алынған ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына аударуды жүзеге асырады.

- 3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлiктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлiктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

- 1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары:

Эмитент келесі жағдайларда ұйымдасқан және ұйымдастырылмаған нарықтарда Облигацияларды толығымен немесе ішінара сатып алуға құқылы:

А) Эмитенттің жалғыз қатысушысы тиісті шешім қабылдаған жағдайда Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде. Бұл жағдайда сатып алу өздеріне тиесілі Облигацияларды Эмитентке (бұдан әрі - «Міндетті сатусыз сатып алу») сатуға ниеті бар, бірақ міндеттемесі жоқ Облигацияларды ұстаушылардан жүзеге асырылады.

Міндетті сатусыз сатып алу бағасы кезінде келесідей анықталады:

- ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуды жүзеге асыру кезінде - Сатып алу күніне биржада сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан баға бойынша;
- ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуды жүзеге асыру кезінде - Эмитент және Эмитент сатып алған кезде өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлайтын Облигацияларды ұстаушы келіскен баға бойынша.

Б) Облигациялар айналысының бірінші жылы аяқталғаннан кейін Эмитенттің жалғыз қатысушысы Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды толық немесе ішінара сатып алуы туралы шешім қабылдауға құқылы, ал Облигацияларды ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды осы проспектіде және Эмитенттің (бұдан әрі – «Міндетті сатумен сатып алу») жалғыз қатысушысының көрсетілген шешімінде айқындалған тәртіппен және шарттарда сатуға міндетті. Міндетті сатумен сатып алу тек ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жазылу арқылы жүзеге асырылады. Эмитенттің жалғыз қатысушысының Міндетті сатумен сатып алу туралы шешімі осы шешімде айқындалған сатып алу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын қабылдануға тиіс.

Міндетті сатумен сатып алу төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші купондық кезеңдердің соңына тіркелген күні ғана Облигациялардың номиналды құны бағасы бойынша жүргізіледі.



Орналастырылған (сатып алынған Облигацияларды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент биржа ережелеріне сәйкес биржаға ашады.

Осы тармақта көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Эмитенттердің өз Облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға әкеп соқпауға тиіс.

Міндетті сатусыз және Міндетті сатумен сатып алу нәтижесінде сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент өзінің сатып алынған Облигацияларын Бағалы қағаздардың ұйымдасқан және ұйымдастырылмаған нарықтарында олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде кері сатуға құқылы.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі:

Эмитент осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайлардың кез келгенінде Эмитенттің Жалғыз Қатысушы Облигацияларды кері сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушыларды тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – «ҚЕД») (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы осындай шешімді қабылдау. Жарияланған ақпарат келесі ақпаратты қамтуы керек:

- ✓ Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарыққа (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) нұсқау - Міндетті сатусыз сатып алу кезінде ғана;
- ✓ сатып алынатын Облигациялар саны;
- ✓ әрбір Облигация ұстаушысы Эмитентке Міндетті сатумен ішінара сатып алу жағдайында сатуы керек Облигациялардың үлесі;
- ✓ Облигацияларды сатып алу күні;
- ✓ есептеу тәртібі (Міндетті сатусыз сатып алу кезінде ғана), оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін - Облигацияларды сатып алу бойынша саудасаттықты өткізу әдісіне нұсқау;
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыруы үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Эмитент орналастырған Облигацияларды сатып алу Эмитенттің жалғыз қатысушысының шешімімен айқындалған күні жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылмаған нарықта Міндетті сатусыз сатып алу жағдайында өздеріне тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің жалғыз қатысушысы қабылдаған Міндетті сатусыз сатып алу туралы шешім туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Ұйымдасқан нарықта Міндетті сатусыз сатып алу және Міндетті сатумен сатып алу жағдайында Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға бұйрықтар беру тәртібі Биржаның және Облигация ұстаушыларына брокерлік қызмет көрсететін ұйымдардың ішкі құжаттарымен реттеледі.



Ұстаушылары Міндетті сатусыз сатып алу кезінде өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуды жүзеге асырмаған Облигациялар, сондай-ақ міндетті сатумен ішінара сатып алу жағдайында Эмитент сатып алмаған Облигациялар осы проспектіде көзделген тәртіппен Облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:

Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) ұстануы тиіс:

- а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;
- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарымен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге міндеттенеді;
- в) Эмитенттің таза пайдасын оның қатысушыларына (жалғыз қатысушыға) бөлуге, сондай-ақ осындай бөлу нәтижесінде дивидендтер төлеуге Эмитенттің таза пайдасының 40%-(қырық пайыз) артық мөлшерге жол бермеуге, оның қорытындысы бойынша көрсетілген таза пайданы бөлу немесе дивидендтер төлеу жүзеге асырылатын кезеңге;
- г) төменде көрсетілген операцияларды (операциялар сериясын), мәмілелерді (мәмілелер сериясын), егер оларды орындау нәтижесінде Эмитент активтерінің мөлшері Эмитенттің меншікті капиталынан 10%-ға (он пайызға) және одан да көп төмендесе, жасамау:
 - (i) клиенттерге берілген қарыздар шарттары бойынша талап ету құқықтарын сату және (немесе) басқаға беру;
 - (ii) Эмитент клиенттерге берілген қарыздар шарттары бойынша алған кепіл мүлкін сату;
 - (iii) Эмитент алған қарыздар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету болып табылатын қарыз шарттары бойынша мүлкті Эмитенттен иеліктен шығару немесе Эмитенттен алып қою;
- д) негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен асатын Эмитент берген қарыздар үлесінің Эмитент клиенттерге берген қарыздардың жалпы сомасынан 15% (он бес пайыз) мәнінен асып кетуіне жол бермеу (үлесті есептеу кезінде қарыздар күтілетін кредиттік залалдар үшін резерв шегерілгенге дейін ескеріледі);
- е) Эмитенттің меншікті капиталының 10% (он пайызы) астам сомаға өзінің өзара байланысты тараптарымен мәмілелер, операциялар жасамау (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, шартты міндеттемелер қабылдау, кепілдіктер беру, қарыздар беру). Бұл талап осы проспектіні жасау күніне алынған, сондай-ақ Эмитент болашақта оның өзара байланысты тараптарынан алатын қарыздарға, сондай-ақ осы тармақшаның в) абзацында көрсетілген операцияларға қолданылмайды.

Эмитенттің осы тармақта көрсетілген ковенанттарды (шектеулерді) сақтауы Эмитенттің Эмитент пен биржа арасында жасалған листингтік шартта және (немесе)



Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде биржаның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) орналастырылған Эмитенттің жылдық және аралық қаржылық есептілігі негізінде айқындалады.

2) *ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі:*

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою әдісі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Көрсетілген ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-тің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің жалғыз қатысушысы жазбаша сатып алу өтініштерін қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-тің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі және осы тармақшада көрсетілген жарияланған ақпараттық хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- ✓ Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- ✓ Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- ✓ сатып алынатын Облигациялар саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алу күні;
- ✓ есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін тауар - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін міндеттеме-Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісіне нұсқау;
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыруы үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асыруға тиіс.

Эмитент Облигация ұстаушыларының талабы бойынша Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағаға;



- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

3) *ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі:*

Эмитенттің кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-тің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратты алғаш жариялағаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің атына беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда сатып алу туралы өтініш беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, Берілген күні және беру органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондар; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлғаға арналған: Облигация ұстаушының тегі, аты және Бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжатты берген нөмір, күн және орган; тұрғылықты жері; телефон; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Эмитенттің жалғыз қатысушысының Облигацияларды сатып алу туралы, оның ішінде Облигацияларды сатып алуды өткізу күні туралы шешім қабылдағаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-тің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында таныса алады.

Эмитенттің жалғыз қатысушысының Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды сатып алу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген мерзім шегінде сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті Облигацияларды ұстаушылардан қосымша мәліметтер алу қажеттілігі көзделуі мүмкін.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұйымдастырылмаған нарықта Облигацияларды сатып алу жүргізілген күні сатып алу жүргізілген жағдайда Облигацияларды ұстаушы Эмитенттің жалғыз қатысушысының шешімінде айқындалған тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің атына өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруге тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:



Осы шығарылымның Облигациялары конвертацияланатын болып табылмайды.

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе):

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері:

Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:

Облигацияларды орналастырудан тартылған ақша жеке кәсіпкерлерге, жеке және заңды тұлғаларға микрокредит беруді қаржыландыруға бағытталатын болады.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:

Осы шығарылымның Облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

- 1) осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның қағидаларына сәйкес және тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- 5) Облигацияларды еркін сату және басқаша басқару құқығы;
- 6) Эмитенттің Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы. Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқықтарын өткізуінің шарттары, тәртібі мен мерзімдері бұдан әрі осы тармақшада көрсетілген:
 - а) егер Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.



Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың: (i) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың назарына Облигацияларды сатып алу үшін негіздеменің туындауы туралы ақпаратты Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-тің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысының орын алғаны туралы толық сипаттаманы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген Ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, оларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің жалғыз қатысушысы жазбаша сатып алу өтініштерін қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-тің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу туралы шешімі және осы тармақшада көрсетілген сатып алу туралы жарияланған ақпараттық хабарламада мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- ✓ Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарық (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- ✓ Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- ✓ сатып алынатын Облигациялар саны;
- ✓ Облигацияларды сатып алу күні;
- ✓ есептеу тәртібі, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;



- ұйымдастырылған нарық үшін-Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісіне нұсқау;

- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуды ұйымдастыруы үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің жалғыз қатысушысы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент жүзеге асырады.

б) осы проспектіде көзделген дефолт оқиғасы басталған жағдайда.

Дефолт оқиғасы болған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 20-тармағында көрсетілген.

в) Эмитент ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзушылықты осы проспектіде көзделген мерзімде бастаған және жоймаған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылар осы проспектінің 12-тармағында көзделген шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтарды қамтиды.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

- 1) *туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:*

Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «**Дефолт оқиғасы**») Эмитенттің негізгі борышты және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылады.

- 2) *облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар:*

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент мерзімі өткен әрбір күн үшін (нақты төлем күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындау күніне (нақты төлем күні) немесе оның тиісті бөлігіне базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, Облигацияларды ұстаушыларға тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын алдын ала болжау немесе болдырмау мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспектіде көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі



осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақыт кезеңіне мөлшерлес кейінге шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтары ескеріле отырып, Жалғыз қатысушы қабылдайды. Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып және тәртіпте, мерзімде Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент Облигацияларды не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) жинақталған сыйақыны ескере отырып, сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша сатып алу туралы жазбаша өтініштерін қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабар алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) Облигациялардың проспектісіне ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмейтін және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіре алмауы туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде, Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигациялар және Облигацияларды сатып алу бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда эмитенттің және Облигацияларды немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын ұстаушылардың одан арғы әрекеттері оңалту және банкроттық саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда, Эмитент қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

- 3) *эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы*



мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

Дефолт оқиғасы орын алған жағдайда, Эмитент тиісті оқиға орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты Биржаның ережелерінде белгіленген тәртіппен оның ресми интернет-ресурсында (www.kase.kz) және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ҚЕД-ның (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- ✓ Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;
- ✓ орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ Облигация ұстаушылардың Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-қимылдарын тізбелеу;
- ✓ Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- ✓ Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты ұсынады.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

- 4) *эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.*

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауаптылықта болатын тұлғалар жоқ.

- 21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:**

Сыйақылар төлеу және Облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы проспектіге 1-қосымшада келтірілген.

- 22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды, осыған байланысты Облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген.

- 23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):**

Облигациялар бойынша төлем агенті көзделмеген.



1-қосымша. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы.

Эмитент Облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған ақшаны операциялық қызметті кеңейтуге жіберуді жоспарлайды, осыған байланысты сыйақылар төлеу және облигациялар бойынша негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражатының көзі Эмитенттің операциялық қызметінен түсетін түсімдер болады:

Мың теңге

Баптың атауы	Шілде, 2023 ж.	Тамыз, 2023 ж.	Қыркүйек, 2023 ж.	Қазан, 2023 ж.	Қараша, 2023 ж.	Желтоқса н, 2023 ж.	Қантар, 2024 ж.	Ақпан, 2024 ж.	Наурыз, 2024 ж.	Сәуір, 2024 ж.	Мамыр, 2024 ж.	Маусым, 2024 ж.	Шілде, 2024 ж.
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Операциялық қызмет бойынша кіріс ағыны	60 750	134 267	188 548	228 861	263 371	288 623	308 570	326 353	342 703	356 852	370 660	384 578	398 177
Операциялық қызмет бойынша шығыс ағыны	(1 215 000)	(1 080 000)	(810 000)	(607 500)	(540 000)	(391 500)	(301 765)	(262 059)	(230 294)	(177 509)	(154 152)	(135 467)	(104 417)
- оның ішінде, микрокредиттер беру	(1 215 000)	(1 080 000)	(810 000)	(607 500)	(540 000)	(391 500)	(301 765)	(262 059)	(230 294)	(177 509)	(154 152)	(135 467)	(104 417)
Облигацияларды орналастыру/ (-) өтеу ¹	4 500 000												
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу ²		(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)
Көрсетілген ақша қаражатының ағындары шеңберіндегі кезең басындағы қалдық		3 345 750	2 362 517	1 703 565	1 287 426	973 296	832 920	802 225	829 019	903 928	1 045 771	1 224 779	1 436 389
Көрсетілген ақша қаражатының ағындары шеңберіндегі кезең соңындағы қалдық	3 345 750	2 362 517	1 703 565	1 287 426	973 296	832 920	802 225	829 019	903 928	1 045 771	1 224 779	1 436 389	1 692 650

¹ Бұл болжам Облигациялардың барлық көлемі орналастырылған жағдайда жасалады. Облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне болжамды есептеу кезінде 1 АҚШ доллары үшін 450 теңге мөлшеріндегі болжамды бағам қолданылды.

² Осы проспектіні жасау күніне бағаланатын купондық сыйақының индикативтік ставкасы қолданылады. Купондық сыйақының нақты мөлшерлемесі проспект шарттарына сәйкес айқындалатын болады.



Кестенің жалғасы

Мың теңге

Баптың атауы	Тамыз, 2024 ж.	Қыркүйек, 2024 ж.	Қазан, 2024 ж.	Қараша, 2024 ж.	Желтоқсан, 2024 ж.	Қаңтар, 2025 ж.	Ақпан, 2025 ж.	Наурыз, 2025 ж.	Сәуір, 2025 ж.	Мамыр, 2025 ж.	Маусым, 2025 ж.	Шілде, 2025 ж.
	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
Операциялық қызмет бойынша кіріс ағыны	412 585	428 102	444 520	462 549	482 424	504 083	528 016	554 436	583 396	615 276	650 306	688 555
Операциялық қызмет бойынша шығыс ағыны	(90 678)	(79 687)	(61 422)	(53 340)	(46 874)	(36 130)	(31 376)	(27 573)	(21 253)	(18 457)	(16 220)	(10 967)
- оның ішінде, микрокредиттер беру	(90 678)	(79 687)	(61 422)	(53 340)	(46 874)	(36 130)	(31 376)	(27 573)	(21 253)	(18 457)	(16 220)	(10 967)
Облигацияларды орналастыру/ (-) өтеу												(4 500 000)
Облигациялар бойынша сыйақы төлеу	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)	(37 500)
Көрсетілген ақша қаражатының ағындары шеңберіндегі кезең басындағы қалдық	1 692 650	1 977 057	2 287 973	2 633 571	3 005 280	3 403 330	3 833 783	4 292 922	4 782 285	5 306 927	5 866 246	6 462 833
Көрсетілген ақша қаражатының ағындары шеңберіндегі кезең соңындағы қалдық	1 977 057	2 287 973	2 633 571	3 005 280	3 403 330	3 833 783	4 292 922	4 782 285	5 306 927	5 866 246	6 462 833	2 602 921

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамдары қате немесе дәл емес болуы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсіндіруді қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістерін, айырбастау бағамы мен басқа да нарықтық жағдайларды қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгертуге жататын болжамдарға, бағаларға немесе әдістерге байланысты болады. Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізбейді..



PROSPECTUS OF THE FIRST ISSUE OF CORPORATE BONDS WITHIN THE FIRST BOND PROGRAM

Full name of the issuer: «Swiss Capital (Свисс Капитал)» Microfinance organization» Limited liability company

Abbreviated issuer name: «Swiss Capital (Свисс Капитал)» MFO» LLC

State registration of the issue of non-government bonds (bond program, issue of non-government bonds within the bond program) by the authorized body does not mean the provision of any recommendations to investors regarding the purchase of non-government bonds described in the prospectus, and does not confirm the accuracy of the information contained in this document.

Officials of the issuer confirm that all information provided therein is true and not misleading to investors about the issuer and its placed non-government bonds.

During the circulation period of non-government bonds, the issuer shall ensure disclosure of information on the securities market on the depository's Internet resource of financial statements in accordance with the requirements of the legislation of the Republic of Kazakhstan on the securities market.



1. This bond issue is carried out in accordance with the prospectus of the first bond program of «Swiss Capital (Свисс Капитал)» Microfinance organization» Limited liability company (the "Issuer") and is the first within this bond program.

2. Information about the bond program:

1) *date of state registration of the bond program prospectus:*

State registration of the prospectus of the first bond program of the Issuer is carried out simultaneously with the state registration of this prospectus.

2) *the volume of the bond program, within the limits of which the issue is carried out:*

50,000,000 (fifty million) US dollars.

3) *information on all previous bond issues within the bond program (separately for each issue within this bond program):*

This prospectus is the prospectus of the first issue of bonds within the first bond program of the Issuer.

3. Information about the issue of bonds:

1) *type of bond:*

Unsecured coupon bonds (the "Bonds"). The Bonds are non-convertible and non-infrastructure.

2) *nominal value of one bond (if the nominal value of one bond is an indexed value, the procedure for calculating the par value of one bond shall be specified in addition):*

One hundred (100) U.S. dollars.

3) *number of bonds:*

100,000 (one hundred thousand) pieces.

4) *the total volume of the bond issue:*

10,000,000 (ten million) U.S. dollars.

5) *the currency of the face value of the bond, the currency of payment of the principal and (or) accrued interest on the bonds:*

The par value of the Bonds is expressed in U.S. dollars.

All payments (interest and principal payments) shall be made by the Issuer by bank transfer in U.S. dollars.

4. Method of payment for the bonds to be placed:

The Bonds to be placed shall be paid for by money in non-cash form. Payment for the Bonds will be made in accordance with the rules of Kazakhstan Stock Exchange JSC (the "Exchange").

5. Receipt of income on bonds:

1) *the amount of the basic interest rate on the bonds and additional interest, if any:*

